

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

**БІЛІМ ЖОЛЫ
НҰРЛЫ ЖОЛ**



Білім беретін, ғылыми, танылдық, жарнамалық басылым



S00023

12.09.2020

**2
0
2
0**

ДЖАНАБЕРГЕНОВА

СҰЛУШАШ ЕМБЕРГЕНОВНА

*Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Манашы орта мектебі
Технология пәні мұғалімі*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

12.09.2020 жыл | № S00023

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың

авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2019 жыл Телефон: 8 777 055 0590

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Манашы орта мектебі
Технология пәні мұғалімі
Джанабергенова Сұлушаш Ембергеновна

Тақырыбы: « *Отбасы – бақыт мекенім!* »

Мақсаты: бала тәрбиесіндегі ата – ананың, мектептің, ұстаздың алатын орны ерекше екендігін түсіндіру. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру, отбасы мемлекетіміздің бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен ұжымдылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: техникалық құралдар, даналық сөздер

Әдісі: сұрақ – жауап, пікір алысу, ой қозғау


Нақыл сөздер:

1. « Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады »

2. « Бала - өмірдің жалғасы , отбасының жеміс берер гүлі »

Барысы : Ұйымдастыру

Құрметті балалар , біз бүгін керемет бір ғажайып әлемге саяхатқа барамыз. Қалай ойлайсыздар, ол қандай әлем болуы мүмкін? Ол бір өзі кішкентай ғана шағын мемлекет. Ол - мемлекеттің аты - отбасы.



Бұл мемлекет қандай болуы керек?




Адамға өмірде ең қымбаты - отбасы. Отбасында сүйіспеншілік, сыйластық, татулық, бауырмалдық болғанда бірлік болады. Бір - бірін аялап, кешіре түсіне білгенде отбасы мықты, берік болады. Бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы «*Отбасы – бақыт мекенім!*» тақырыбына арналады.

- Балалар, қалай ойлайсыздар, отбасын неге теңеуге болады. Алып құсқа ма, әлде алып бәйтерекке ме?



- Дұрыс айтасыздар, менің ойымша да отбасын бәйтерекке теңесек, балаларды жапырақтарына теңейміз. Жапырақтар қайда бекиді?
- Бұтақтарында.
- Олай болса, бұтақтарын ата - анаға теңейміз. Бұтақтары қайдан тарайды?
- Ағаштың діңінен.
- Олай болса, олар ата - әжелеріміз. Алып бәйтерек ненің арқасында жақсы өсіп жайқалады.?
- Дұрыс, тамырының. Қалай ойлайсыздар, егер ағаштың діңін ата - әжелерімізге теңесек, тамырын кімге теңейміз.
- Ата - бабаларымызға .



Міне, балалар , осылай үлкен отбасы қалыптасады. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Тәртіпті де, тәрбиелі ұрпақ - отбасы мен мектептен алған үлгі - өнеге жиынтығының жемісі.

1. « Тіл өнері » - мақал - мәтелдің жалғасын табу.

1. Ананың көңілі балада, ...
2. Тәрбие басы - ...
3. Ұяда не көрсен, ...
4. Балалы үй базар, ...
5. Ата көрген оқ жонар , ...
6. ... – ананың бауыр еті, көз нұры.
7. Әке - асқар тау, ...

Дұрыс жауабын сызба нұсқа арқылы жүргізіп көрсетіңіз: ана көрген тон пішер; ұшқанда соны ілерсің ; тал бесік; баласыз үй қу мазар ; бала ; баланың көңілі далада ; ана- бұлақ, бала - жағасындағы құрақ .

Отбасы - бұл қоғамның негізі. Баланың болашақта жақсы азамат болып өсуі, жан - жақты тәрбиелі болуы отбасында берілетін тәрбиеге байланысты.

2. Ситуациялық жағдаят.

1. Сен өте асығыссың , себебі сабаққа үлгеруің қажет. Көшеде бала же-тектеп келе жатқан қарияны қағып кеттің. Ол кісі құлап түсті , немересі қорыққаннан жылап жіберді. Сен не істейсің ?
2. Саған анаң өзі жұмыстан келгенше үйді жинастырып қоюды тап-сырды. Сен достарыңмен ойнап жүріп, бұл істі ұмытып кеттің. Анаң жұ-мыстан келіп, өзі жинап, сыпырып қойды. Сен

келгенде анаң ренжулі. Сенің әрекетің ?

3. Үйде ешкім жоқ. Тек сен ғана . Есіктің қоңырауы соғылды. Сен ба-рып қарасаң қаладан келген туысқаның. Сенің анаң ешкімге есікті аш-пауды тапсырған. Сенің әрекетің ?

4. Бүгін анаң жақсы көретін тағамыңды жасап берді. Сен отыра қа-лып іні – қарындастарыңмен қосыла жедің де, даладағы ойынға қарай жүгірдің. Сен нені ұмыттың ?

3. « Білімдіге дүние жарық » оқушылардың біліктілігін, шапшаңдығын тексеру.

1. Балдан тәтті не ? / бала /

2. Қара шаңырақ иесі кім ? / кенже ұл /

3. Үйдегі алтын адам кім ? / ана /

4. Бес дұшпанды атаңдар? / өсек, өтірік, мақтаншақ , еріншек, бекер мал шашпақ /

5. Үш арсызды ата ? / ұйқы, тамақ, күлкі /

6. Қазақ халқының салт - дәстүрлерін ата? / шілдехана, бесік той, тұсау кесу, құда түсу, келін түсіру т.б. /

7. ҚР мемлекетік рәміздерін ата? / елтаңба, ту, әнұран /

8. Қазақтың тұңғыш ғарышкері кім? / Т. Әубәкіров /

9. Күй атасы кім ? / Құрманғазы /

10. ҚР тәуелсіздікті қашан алды ? / 1991 жыл 16 желтоқсан /

Балалар, биыл еліміз тәуелсіздік алғанына 25 жыл толып отыр. Осы тәуелсіздікті тұғырында нық ұстау үшін сапалы білім мен тәртіп керек. Болашақ өз ұлтын сүйетін, өз елін, жерін, отанын, отбасын сүйетін ұлт-жанды, өр намысты, биік рухты ұстау сендердің қолдарында.

Күн мен жердің мәңгілік екені сияқты аспанымызда тәуелсіздік туы мәңгілік жел-біресін ! – деп бәріміз бірге Е. Хасанғалиевтың « **Атамекен** » әнін орын-дайық.

Біз мықты отбасын алып бәйтерекке теңесек, тәуелсіз еліміздің символы ретінде көкке шаншылған

« Бәйтеректі» айтамыз . Ол самұрық құстың алтын жұмыртқасын аспанға көтерген алып киелі ағаш - бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге ұмтылған ұлы мақсат көрінісі.



Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың « Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туысқандарына деген сүйіспеншілікпен басталады », - дегендей мемлекетіміздің іргетасын қалаушы - әр отбасы - жеке мемлекет. Әке алақаны мен ана жүрегінің жылуы бар сендер тәуелсіз еліміздің тірегі болатындарыңа сенемін.

Бойларыңда от бар екен байқадым,
Жүректерде шоқ бар екен байқадым
Өрқашанда осы шоқты өшірмей,
Жалындатып шарықтаңдар әрдайым.

* * * * *

ТӘРБИЕ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Тәрбиенің тал бесігі отбасынан бастау алып, ізгілік пен парасаттылыққа жол көрсетер іргелі орынның бала тірбиесінде маңызды рөл атқаратынын есімізден шығармағанымыз абзал. Елбасымыз болашақ ұрпақ тірбиесіне ерекше мән бере отырып, олардың ертеңіне үміт артып отыр. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп ұлы жазушымыз М.Әуезов айтқандай, «Тәрбие тал бесіктен басталады». Бала туған күннен бастап-ақ, әрбір ата-ана баласының тәрбиешісі, әрі ұстазы болады. Ол бала өмірінің бірінші күнінен басталады. Нәресте құндақта жатқанда-ақ, ол ата-анасының жылуын сезінуі керек. Бала өзінің туғандарынан сүйіспеншілік алса, олардың әрқашан жылы жүздерін көрсе, ата-ананың бір-біріне деген жылы қарым-қатнасын сезсе, бала сол қасиетті бойына сіңіріп өседі.

Әрбір отбасы үшін өзінің жанұясы қымбат. Осы жанұяда бір-бірімен сөйлесу қарым-қатнасы, үлкендердің отбасындағы көңіл-күйі, айналамен қарым-қатнасы, өсіп келе жатқан балаға әсер етеді. Баланың ең жақын адамдармен қарым-қатнасы, бұл өсіп келе жатқан кішкентай адамның бойында дұрыс адами қасиеттер және дұрыс мінез қалыптасуы. Олар айналасындағы мұғалімдерге, үлкен адамдарға еліктейді, сөйтіп олардың дұрыс мінез қалыптасуна көмектеседі. Үлкен адамдармен болу, олардың іс-әрекеттерін көру аз. Күнделікті олармен қарым-қатнас ең басты істің шешуі. Біз көп түсіндіреміз, үйретеміз бірақ дұрыс тақырып тауып қызықты әңгіме үйретпейміз. Кей кезде кішкентай адам бізді тығырыққа тіреп, өз сұрақтарымен ыңғайсыз жағдайларға қалдырады. Осы кезде дұрыс жауап беру үшін біз әдеби кітаптарға, газет-журналдарға сүйенеміз. Ересек адамдар сұраққа жауап беру үшін қиналиы бала алдында өз абыройын сақтап, дұрыс жауап беруге тырысады.

Қиын сұрақтарға жауап бере алмаған жағдайда, балаға сен әлі түсіне алмайсың, мектепке барғанда бәрін білесің, онда мұғалімдер сендерге бәрін айтып береді деп жауаптан қашамыз. Баланы отбасында еңбекке тәрбиелеу керек. Бірақ тәрбие өте нәзік, әрі машақаты көп жұмыс. Баланың тәрбиелі, білімді, инабатты болғанын кез-келген ата-ана қаллайды. Кейбір ата-аналар: «қолым тимейді», «сосын», «өзі-ақ өскенде адам болады» деп те айтады.

Тәрбиенің қиындықтары көп, қиындыққы төзген ата-ана ғана балаға саналы тәрбие бере алады. Сондықтан оның достарын, қайда, кіммен жүргенін, бала немен шұғылданып жүргенін қадағалап отырған жөн. Отбасындағы өзара қарым-қатынас дұрыс болуы, бала тәрбиесінде ата-ана рөлінің маңызы зор. Ана өз баласының тәрбиешісі ғана емес, отбасының ұйытқысы. Отбасы мүшелерінің өзара түсінісуінің, бір-біріне кішіпейіл, қамқор қатынасымен қарап, үйде жылылықтың орнығыуына бірден-бір себепкер ана.

Парасатқа құрылған – «әке-шеше» қатынасы, баланың адамгершілік саналарына жетудегі теңдесі жоқ үлгі-өнеге. Кейбір отбасында барлық жағдай байыппен, ақылмен шешіледі, ал кейбір отбасында жай әңгіменің өзі ұрысумен, балаға дауыс көтерумен шешіледі. Бала жастайынан өте сезімтал келеді. Ересектердің іс-әрекеті, сөзі, араласатын адамдармен қарым-қатынасының барлығына бала еліктей отырып, бойына сіңіреді.

Тәрбие-адам тағдырын шешетін ұлы іс. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі – отбасы. Қазіргі заманда ата мен әже тәрбиесінің аздығы көп жерлерде сезіліп тұрады. Балабақша жағдайында олқылықтың орнын толтырғанымыз жөн. Бала бақытты болса, ата-ана да бақытты, жазушы да, бәрі де бүгінгі бүлдіршін балбөбектің арасынан қанат қаға асқарлы асулар самғайды. Ата-ана үшін бүлдіршін бөбегінің ержетіп өскенін, үлкен азамат болғанын, соның қуанышы мен бақытын көруден асқан арман болуы мүмкін бе? - деп айтсақ қателеспейміз.

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 1 Визуалды өнер	Мектеп: Маңғыстау облысы. Бейнеу ауданы. Манашы орта мектебі
Күні:	Технология пәні мұғалімі Джанабергенова Сұлушаш Ембергеновна
Сынып: 5	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны: 0
Сабақ тақырыбы	Классикалық өнер жауһарлары (шедевр) (өнердегі үздік туындылар). Қазақстан суретшілерінің шығармашылығы. Бейнелеу өнері түрлері мен жанрлары.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.1.2.1 Әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу. 5.1.3.1 Шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу (оның ішінде АКТ қолдану).
Сабақ мақсаттары	8. Бейнелеу өнерінің түрлері және жанрларымен танысу (презентация) 9. Өнер туындыларының ерекшеліктерін зерделеу (зерттеу жұмысы) 10. Қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениет туындыларымен танысу (зерттеу жұмысы) 11. Зерттеу жұмысы үшін электрондық ақпарат көздерін қолдану (АКТ)
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: • Өнердің қайта өркендеуі, импрессионизм, экспрессионизм, заманауи өнер, кескіндеме, графика, мүсін, сәулет өнері, пейзаж, натюрморт, дақ, штрих, көлем, форма, кеңістік, түс, сызық. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: • Сіздің ойыңызша суретші не үшін... материалдарды қоладанады? • Сіз сипаттап бере аласыз ба? • Бұл техника сізге не үшін ұнады? • Суретші жұмысы сізді не үшін қызықтырды? • Өз жұмысыңызды қалай жақсартар едіңіз?
Құндылықтарды дарыту	Құндылықтарды дарыту қазақстандық суретшілерді зерделеу арқылы жүзеге асады.
Пәнаралық байланыстар	Бейнелеу өнері, тарих
АКТ қолдану дағдылары	Оқушылар зерттеу жұмыстары үшін электронды ақпарат көздерін қолданады
Бастапқы білім	Оқушылар бастауыш сыныптардың бастап бейнелеу өнері сабақтарында бейнелеу өнерінің түрлері және жанрларымен танысқан болатын

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p><i>Амандасу</i> <i>Коллаборативті орта құру</i> <i>"Ассоциация шілтері"</i> <i>Сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру</i> <i>"Өнер" презентациясын көрсету.</i> <i>Оқушылар Қайта өрлеу дәуірінің суретшілері мен қоса қазіргі заман суретшілерінің жұмыстарымен таныса алады. Сонымен қатар Қазақстандық суретшілер туралы да мәлімет ала алады.</i> <i>Презентацияны талдау</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Бейнелеу өнері түрлеріне қарай қалай ажыратылады? • Жанр дегеніміз не? • Жанр мен өнер түрін қалай ажыратасыз? • Суреттен не көріп тұрсыз? Олардың бір бірінен айырмашылығы қандай? 	<p>Мүсін https:// ru.wikipedia.org/wiki/кескіндеме https://ru.wikipedia.org/wiki/графикаhttps://ru.wikipedia.org/wiki/</p> <p>Өнер туындыларының жанрлар бойынша түрлері. Өнердегі кілтті сөздер бағыты. http://www.artalmaty.kz/gallery.php#102 http://www.wga.hu/frames-e.html?/html/h/heem/cornelis/vanitas.html http://www.accessart.org.uk/tag/stilllife/</p>
Сабақтың ортасы	<p>Практикалық бөлім: Түсті карточкалар көмегімен оқушыларды топқа бөлу. Топтың көшбасшылары әр түрлі уақыт аралығы көрсетілген бір карточкадан таңдап алады. <i>Қайта өрлеу дәуірі, Көшпенді суретшілер одағы, Қазақстан суретшілері</i> <i>10 минуттың ішінде суретшілер бойынша келесі сәттерді ескере отырып зерттеу жұмыстарын жүргізеді</i> - Суретшілер - Өнердегі бағыттар - Танымал шығармалар</p> <p>Оқушыларға түсті көшірмеден алынған суретшілер туындыларын тарту. Келтірілген мысалдарға қарап отырып, оқушылар бейнелеу өнері жанрлары мен түрлеріне көшірме жұмыстарды жіктеп, топтағанда, терминологиялар қолдана отырып,</p>	<p>Суретші Анар Абжанова http://dorogoe.kz/journal/iskusstvo/2034</p> <p>Натюрморт жасаудың түрлері http://www.timetrips.co.uk/art_workshop.htm Леонардо да Винчидің қайта дәуірлеудегі шығармашылығы http://ru.wikipedia.org/wiki/Леонардо_да_Винчи http://www.foxdesign.ru/aphorism/biography/leonardo.html</p> <p>Пабло Пикассо шығармашылығы</p>

	<p>жаңа материалдарды бекітеді. Мәселен, суретшілер Леонардо/графика/, А.Ғалымбаева /кескіндеме/, <i>Пәндік лексика және терминологияны қолдануды ұсыну</i> <i>Жұмыстардың таныстырылымы. 10 мин</i> <i>Әр топқа таныстырылым үшін 4 мин. уақыт беріледі.</i> <i>Смайликтердің көмегімен оқушылардың бірін-бірі бағалауы және мұғалімнің кері байланысы.</i></p>	<p>http://www.liveinternet.ru/community/3299606/post289812079/ http://www.liveinternet.ru/users/3166127/post163844619 Статья о Казахском художнике http://www.altyn-orda.kz/vse-vozrozhdaetsya-iz-peplastrany-remesla-iskusstva%E2%80%A6/</p>
Сабақтың соңы	<p>Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді (3 Б кестесі): Білемін Білдім Білгім келеді</p>	
<p>Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p><i>Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін.</i></p>	<p><i>Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз</i></p>	<p><i>Денсаулық сақтау технологиялары. Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары</i></p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p> <p><i>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткіздіме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</i></p>	<p><i>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</i></p>	

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралыда ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

